



## Заң жобаларын әзірлеу тәртібі

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1994 жылғы 17 маусым N 1751.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677  
Жарлығымен. ~U010677

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Заң шығару

бастамашылығы жоспарына енгізілген Заң жобаларын әзірлеу тәртібі  
бекітілсін.

2. Министрлер Кабинеті, министрліктер, мемкомитеттер,  
ведомстволар Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының  
бөлімдері Заң жобаларын әзірлеудің белгіленген тәртібін қатаң  
сақтайтын болсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы  
Президенті Аппаратының Басшысына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің 1994 ж.  
17 маусымдағы N 1751  
өкімімен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң шығару  
бастамашылығы жоспарына енгізілген Заң жобаларын  
әзірлеу тәртібі

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң шығару бастамашылығы жоспарына енгізілген Заңдардың жобаларын жоспарға сәйкес құрылуға тиіс бас әзірлеуші немесе жұмыс тобы жоспарда белгіленген мерзімде әзірлеп Қазақстан Республикасының Президентіне жібереді.

Заң жобасы тиісінше ресімделуге тиіс: оның тексті қазақ және орыс тілдерінде баяндалады, оған жұмыс тобының басшысы мен бас әзірлеуші болып табылатын ведомствоның бірінші басшысы, сондай-ақ мүдделі министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар қол қояды. Заң жобасына қоса берілетін, түсінік жазбада оны әзірлеу қажеттігінің негіздемесі, болашақ Заңның мақсаты, міндеті және негізгі қағидалар мен оның қолданылып жүрген Заңдар жүйесіндегі орны, қолданудың тигізетін ықпалы толық сипатталуы керек. Жүзеге асыру қосымша материалдық және өзге шығындарды талап ететін Заң жобасы ұсынылғанда оған тиісінше қаржылық-экономикалық негіздеме қоса берілуге тиіс. Заң жобасы қолданылып жүрген Заң актілеріне түзетулер енгізумен байланысты болған жағдайда, Заң тексті мен оған ұсынылатын түзетулердің қазақ және орыс тілдерінде салыстырмалы кестесі қамтылады. Егер жоба нормаларын жүзеге асыру қолданылып жүрген Заңдарға түзету енгізуді немесе қолданылып жүрген актілер нормаларын жоюды талап ететін болса, мұндай жағдайда ұсынылатын Заң жобасына сонымен бірге қолданылып жүрген Заңдарға енгізілетін тиісті түзетулер немесе ондағы нормаларды жою туралы актілердің жобалары қоса беріледі.

Әзірленген Заң жобасы Министрлер Кабинетінің, жоспарда жобаны бас әзірлеуші ретінде белгіленген ведомствоның немесе жоспарға сәйкес құрылуға тиісті жұмыс тобы басшысының атынан ұсынылады.

Заң жобасына Жоғарғы Кеңес қаулысының жобасы қоса тіркеледі.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Президенті Аппаратына ұсынылғаннан кейін ол Заң шығару бастамашылығы және құқықтық сараптама бөлімінде пысықталады және тиісті қорытындысымен Республика Президентіне баяндау үшін Аппарат Басшысына тапсырылады. Бөлім өз қорытындысын Аппарат Басшысына тапсырғанға дейін ол Қазақстан Республикасы Президентінің Жоғарғы Кеңестегі жеке өкілдерінің назарына жеткізіледі. Жобаны Жоғарғы Кеңеске жіберу немесе қосымша пысықтау жөніндегі шешімді Республика Президенті қабылдайды. Қазақстан Республикасының Президенті

жобаны қосымша пысықтау жөнінде шешім қабылдаған жағдайда әзірлеушілерге Заң жобасын енгізудің жаңа мерзімі белгіленеді.

Заң жобасының уақтылы әзірленіп, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілуіне бақылау жасауды Заң шығару бастамашылығы мен құқықтық сараптама бөлімі жүзеге асырады және ол бұл жұмыстың барысы жөнінде Аппарат Басшысына үнемі хабарлап отырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК